

«Ойын бизнесі туралы» заң өзгерісті қажет етеді



2-БЕТ

Зияткерлік қабілеті жоғары ұрпақ қалыптастыру - ұлы мұрат



5-БЕТ

Фристайлдан Әлем кубогының кезеңдік жарыстары өтті



8-БЕТ



ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘНГІМЕ

Бауыржан Жандарбек, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің оқытушысы, заң ғылымдарының докторы:

«БОЛОН» ХАРТИЯСЫНАН ШЫҚПАЙ, БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМ ТҮЗЕЛМЕЙДІ»

– Отбасылық құндылықтар неге түсіп бара жатыр, бұл заманнан ба әлде адамнан ба?

– Қазақ «Үяда не көрсен, ұшқанда соны ілесін» деген сөз бар. Барлық нәрсе, жамандық та, жақсылық та отбасынан басталады. Заман өзгерді деп жатады. Заман өзінен-өзі өзгермейді, оны адам өзгертеді. Бәрі адамның ниетіне байланысты. 1991 жылы Кеңес Одағы тараған кезде 18-дегі жігіт, яғни, 1973 жылғылар жүргізуші куәлігін алды. Сол кезде жүргізушілік оқытатын 6 айлық курстар болатын. Одан кейін жүргізуші куәлігін туған күніне сый ретінде беретін жағдайға жеттік. Мұндай әрекет адамның қолымен жасалады. Жол жүру тәртібіне бағынбау мен көлік апатының көбею себебінің бір ұшы осында жатыр емес пе? Көлікті басқарып, жолда жүрудің өз мәдениеті бар. Мәселен, негізгі жолға шыға алмай тұрған көлікті өткізіп жіберу, қиындыққа түсіп қалған жүргізушіге көмектесу, жолда бір-біріне кішіпейілдік таныту, мұның бәрі мәдениет. Одақ тұсында адамдардың бір-біріне деген сенімі болатын, бірін-бірі сыйлайтын. Мен Кеңес Одағын мақтап отырған жоқпын, бірақ, ол уақытта адами құндылықтарға үндейтін пионер, комсомолдың тәрбиесіне сұғарылған өзіндік идеология мықты болды, соның өзі үлкен құбылыс еді.

– Мықты идеология қалыптастыруға қазір не кедергі?

– Тәуелсіздік алғанмызға 33 жыл болады. Содан бері идеологияны дұрыс жолға қою керектігі айтылып келеді, бірақ, оның тиімді тетіктерін жасаған ешкім болған жоқ. Әйтеуір жалпылама түрде сөз айтылады да қояды. Жоғарыда айтылған идеология жойылды да, оның орнына ешқандай құндылық ұсынылған жоқ. Мысалы, қаңтардағыдай наразылық шерулерінде алдына шығып, тоқтау айтамын, сөзін өткізетін бір басшы табылмады. Мықты тұлға болғанда соншалықты ұшықпайтын ба еді деген ойға қаласың. 30 жылға жуық алды-артымызды ойламадық. Кеңес тұсында Мәскеуге бағындық, одан кейін автократтық жүйеге душар болып, бетіне қарадық, түзелетін кез жетті.

(Соңы 5-бетте)

zangazet@mail.ru

№21 (3650) 15 наурыз 2024



ЗАҢ газеті

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

Азамат Есқараев, ҚР Әділет министрі:

ШЕКСІЗ ТҮЗЕТУ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ САПАСЫНА ТЕРІС ӘСЕР ЕТЕДІ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты жолдауында «Қылмыстық және Қылмыстық-процестік кодекстерді мұқият саралап, ондағы қолданылмайтын немесе сот төрелігіне кедергі келтіретін артық-ауыс нәрсенің бәрін арылу қажет» деп құзырлы органдарға тапсырма жүктеген болатын.

(Соңы 3-бетте)

МІНБЕР

ҰЛТТЫҚ РУХАНИЯТЫМЫЗДЫҢ ӨЗЕГІ – АНА ТІЛІ

Тәуелсіздік алған кезден бастап мемлекеттік тілді дамыту мәселесі күн тәртібінен түспей келеді. Бұл тақырыпты маған дейін көптеген тіл мамандары, ақын-жазушылар, жалпы тіл жанашырлары көтерген. Сонда да болса маңызды тақырыпты шешуге байланысты өз пікірімізді айтып, өз үнімді қосу парыз деп білемін.

Тіл саясаты кез келген мемлекеттің тағдырын шешетін кінәлі құбылыс. Оны өзіңе көңіл аударып, ұпай жинаудың құралына айналдыру еліміз үшін өте қауіпті. Тәуелсіздігі мен тілі үшін жер бетінен жоғалып кеткен ұлттар мен ұлыстардың барын тарих беттерінен білеміз. Осы ретте бір жапырақ жер үшін соғыс өртен тұтатуға дайын тұратын, геосаяси жағдайды өз пайдасына ұтымды пайдаланғысы келетін алпауыт елдердің бар екенін мүлдем естен шығармауымыз керек. Әрине, заңгер болғаннан кейін тіліміздің жағдайын заң тұрғысынан қарағанды жөн көреміз.

Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында

қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі болып табылады. Сот ісін жүргізу тілі қағидатын қолдану сот процесіне қатысушы адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудің құқықтық кепілі болып табылады.

Ел Конституциясының 7-бабының 1-тармағында «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі» деп нақты белгіленген. Ал «Тіл туралы» заңның 4-бабында ҚР мемлекеттік тілі – қазақ тілі деп көрсетілген. Аталған заңда қылмыстық, азаматтық, әкімшілік, әкімшілік құқық бұзушылық

жөніндегі істер бойынша сот ісі қазақ тілінде жүргізіледі деп көрсетілген.

Елімізде мемлекеттік тілдің біреу ғана, яғни қазақ тілі екенін ескере отырып, оған басымдық беруіміз керек. Ол үшін заң нормаларын басшылыққа ала отырып, істерді мемлекеттік тілде жүргізіп, бірлі-жарым мемлекеттік тілді білмейтін іске қатысушылар үшін іс жүргізу тілін өзгертіп, олардың ісіне аудармашыны қатыстыру қажет деп есептеймін. Сонда ғана іс қазақша жүріп, қазақ тілі мен (аудармашы арқылы) орыс немесе басқа тілдер қатарласып қолданылады.

Қылмыстық-процестік кодекстің 30-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасында қылмыстық сот ісі қазақ тілінде жүргізіледі. Сот ісін жүргізуде қазақ тілімен қатар ресми түрде орыс тілі, ал қажет болған кезде басқа тілдер де қолданылады. Қылмыстық процесті жүргізетін орган істі орыс тілінде немесе басқа тілдерде жүргізу қажет болған кезде сот ісін жүргізу тілін өзгерту

туралы уәжі қаулы шығарады. Ал, іс жүзінде жағдай басқаша.

2022 жылғы 23 желтоқсанда ҚР Жоғарғы Соты М.Нәрікбаев атындағы ҚазМЗУ-мен бірлесіп, «Құқық жүйесіндегі қазақ тілінің мәселелері және оларды шешу жолдары» деген тақырыпта конференция өткізді. Конференцияға қатысушылар 27 ұсыныс енгізген болатын. Бұл алқалы жиында сот істерін жүргізуде мемлекеттік тілдің үлесін арттыру да көтерілген болатын.

Осы жоғарыда аталған ұсыныстарды жүзеге асыру мақсатында Ақтөбе облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы 2023 жылдың 24 мамырында облыстық прокуратура, адвокатура, құқық қорғау органдарының бірінші басшыларымен, «Ақтөбе облысы тілдерді дамыту басқармасы» басшысының, облыстық және қалалық сот судьяларының қатысуымен «Мемлекеттік тілдің қылмыстық құқық жүйесінде қолданылуы» деген тақырыпта үлкен дөңгелек үстел ұйымдастырды. Бұл жиында ана тілімізге қатысты маңызды мәселелер талқыланып, жергілікті соттарға мемлекеттік тілде қаралған қылмыстық істер мен әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істердің санын арттыру бойынша тапсырмалар берілді.

(Соңы 2-бетте)

